ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ
ISSN 2788-5283
eISSN 2788-5291
ТОМ 80 НӨМІРІ 3(2025), 23-36

**ӘОЖ 342.39**
**ҒТАМР 10.07.00**
**DOI 10.52026/2788-5291_2025_80_3_23**
**Ғылыми мақала**

**© Г.С. Рысжанова[1*], Б. Ахмет[2] , Е.Б. Абдрасулов[3], 2025**
[1] Қарағанды облысы бойынша Қазақстан Республикасының
Сот әкімшілігінің департаменті, Қарағанды, Қазақстан
[2] М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан
[3] Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: [1]g.s.ryszhanova@mail.ru; [2]bekaahmetova@gmail.com; [3]aermek_19@mail.ru)

# СОТТЫҢ ҚҰҚЫҚ ШЫҒАРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫЛАРЫ

**Аннотация.** Бұл мақалада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының құқықтық табиғаты, құқық жүйесіндегі орны және олардың құқық шығармашылығындағы рөлі жан-жақты зерттеледі. Авторлар Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары тек сот практикасын біріздендіру құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттық құқықты дамытудың маңызды құқықтық тетігі екенін негіздейді. Мақалада осы қаулылардың құрылымдық ерекшеліктері, құқық нормаларын қалыптастырудағы маңызы және олардың құқықтық реттеудегі орнына қатысты теориялық және практикалық көзқарастар талданады. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары Қазақстанның құқық жүйесінде ерекше орын алады. Олар сот практикасында туындайтын құқықтық олқылықтарды толтырып, заң нормаларын түсіндіру мен нақтылау арқылы құқық қолдану саласына елеулі ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл қаулылардың белгілі бір дәрежеде жаңа құқықтық ережелер қалыптастыратындығы туралы ғылыми пікірлер де назарға алынады. Мақалада осы пікірлерге салыстырмалы-талдамалық тәсілмен баға беріліп, олардың теориялық негіздері мен практикалық маңыздылығы қарастырылады. Зерттеу барысында формальды-заңдық, жүйелік-құрылымдық, салыстырмалы-құқықтық және тарихи-құқықтық әдістер қолданылды. Авторлар Жоғарғы Сот қаулыларының мәтіндерін, олардың қабылдану тәртібі мен құрылымын, сондай-ақ қаулылар арқылы қалыптасатын құқықтық ұстанымдарды жүйелі түрде талдайды. Сонымен қатар, Германия, Ресей және Түркменстан елдерінің сот құқық шығармашылығы тәжірибелерімен салыстырулар жүргізіледі. Мақалада сот билігінің құқық шығармашылығына қатысуы мен оның заң шығару билігімен арақатынасы мәселелері де қозғалады. Бұл контексте Жоғарғы Сот қаулыларының құқық көзі ретіндегі мәртебесі, олардың заңдық күші және нормативтік құқықтық актілер иерархиясындағы орны зерттеледі. Авторлар нормативтік қаулыларды құқық жүйесінің бір бөлігі ретінде заңнамалық тұрғыда нақтылау қажеттігін алға тартады және осы бағытта нақты ұсыныстар ұсынады. Бұл мақала сот құқық шығармашылығын зерттеу саласындағы ғылыми ізденістерді тереңдетуге, сондай-ақ нормативтік қаулылардың құқықтық мәртебесін қайта қарау мәселесін күн тәртібіне қоюға арналған өзекті еңбектердің бірі болып табылады.

**Түйінді сөздер:** Жоғарғы Сот, Нормативтік қаулы, құқық шығармашылығы, құқықтық ұстаным, құқықтық акт, құқық көзі, сот практикасы, құқық жүйесі, құқықтық реттеу, құқықтық олқылық.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: bekaahmetova@gmail.com.

## Кіріспе

Сот билігінің құқық шығармашылығындағы орны мен рөлі – қазіргі құқық теориясы мен сот практикасының өзекті мәселелерінің бірі. Билікті бөлу қағидасына сәйкес, құқық шығару қызметі Парламентке тән деп есептеледі, ал сот органдары тек құқықты қолданушы ретінде қабылданады. Алайда заманауи құқықтық мемлекеттерде бұл ұстаным шартты сипатқа ие бола бастады. Сот билігінің құқық нормаларын нақтылау, толықтыру және белгілі бір дәрежеде қалыптастыру әрекеттері заң шығару процесіне жанама түрде ықпал ете отырып, ұлттық құқық жүйесінің дамуына серпін береді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары осы тұрғыда ерекше маңызға ие. Олар тек сот практикасын жүйелеудің құралы ғана емес, сонымен қатар қолданыстағы заңнаманы нақтылау және құқықтық олқылықтарды толтыру арқылы заңдарды қолдану тиімділігін арттыруға бағытталған құқықтық актілер болып табылады. Бұл қаулылардың нормативтік құқықтық актілер ретінде заңды күші бар және олардың мазмұны жаңа құқықтық ережелердің қалыптасуына ықпал ететіндігі туралы пікірлер ғылыми қауымдастықта кең талқылануда.

Аталған мақалада соттың құқық шығару қызметі жөніндегі теориялық көзқарастарға талдау жасалып, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқық жүйесіндегі орны мен мәні қарастырылады. Сонымен қатар, бұл қаулылардың құқық нормаларын қалыптастырудағы ерекшеліктері мен олардың ұлттық заңнаманы жетілдірудегі рөлі бағамдалады. Осы мақсатта отандық және шетелдік құқықтық доктриналар, нормативтік құқықтық актілер мен сот практикасы негізінде кешенді ғылыми зерттеу жүргізіледі.

## Әдістер мен материалдар

Зерттеу барысында формальды-заңдық, жүйелік-құрылымдық, салыстырмалы-құқықтық, логикалық және тарихи-құқықтық әдістер қолданылды. Бұл әдістер Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқықтық табиғатын, олардың заңнамалық актілер жүйесіндегі орнын және ұлттық құқықты жетілдірудегі рөлін анықтауға мүмкіндік берді.

Материалдар ретінде Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) Конституциясы, «Құқықтық актілер туралы» және «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» заңдар, Азаматтық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстері, ҚР Президентінің Сот әкімшілігі туралы Жарлығы, сондай-ақ Жоғарғы Соттың 2006–2022 жылдар аралығындағы нормативтік қаулылары пайдаланылды.

## Нәтижелер мен талқылаулар

Заң шығару және құқық шығару қызметінің субъектілері болып табылатын негізгі мемлекеттік органдарды қарастыра отырып, оның ұлттық заңнаманы дамытуға және жетілдіруге қатысуының деңгейін анықтау үшін сот билігінің қызметін талдауға көшейік.

Билікті бөлу теориясы заңнамалық функциялардың Парламентке тиесілі екендігін, Үкіметтің атқарушы құзыреттерді жүзеге асыратындығын және заңның дамуына үлес қосатын заңға тәуелді актілерді қабылдайтынын қарастырады. Бұл тұжырымдама бойынша, сот билігі жаңа құқық нормаларын шығармайды, яғни ұлттық заңнаманы қалыптастыруға қатыспайды, тек нақты істер бойынша шешімдер қабылдап, сот төрелігінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуде заңдар мен заңға тәуелді актілердің белгіленген нормаларын қолданумен айналысады.

Аталған тұжырымдама ҚР Конституциясының 3-бабы 4-тармағында көрсетілген. ҚР Негізгі заңының нормаларында Республикадағы мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот деп билік тармақтарына бөлу принципіне сәйкес жүзеге асырылатындығы белгіленген. Сонымен бірге Конституцияда мемлекеттік билік тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін қолдана отырып, билік тармақтарының өзара әрекеттесуі негізінде жүзеге асырылады[1] деп жазылған.

[1] Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30-тамызда республикалық референдумда қабылданған) // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (жүгінген күні: 18.07.2025).

Бұл сот билігінің тәуелсіздігі абсолютті бола алмайтындығын білдіреді, өйткені ол өз функцияларын жүзеге асыруда басқа мемлекеттік органдармен өзара әрекеттеседі және көбінесе мемлекеттік биліктің бірлігі негізінде олармен өзара байланысты болады. Осындай байланысы болғандықтан, аталған өзара іс-қимыл барысында сот билігі ұлттық заңнаманы қалыптастыруға және дамытуға қатысады. Дей отыра, сот билігі Қазақстан Республикасының құқық жүйесін құруға және жетілдіруге өзара іс-қимыл процесі арқылы ғана әсер етіп қоймайды. Сот билігінің өз өкілеттіктері оған жаңа құқықтық нұсқамалар жасауға және қазақстандық заңнаманы дамытуға қатысуға мүмкіндік береді [1, с. 6].

Алайда соттың құқық шығару мәселесі бойынша даулар көне заманнан бері тоқтаған жоқ, өйткені соттың жаңа құқықтық нормаларды құруға қатысуы билікті бөлу теориясына қайшы келетін сияқты болып тұрады. Басқа жағынан қарасақ, заңның құқықтық табиғаты, оның абстрактілік дәрежесі көбінесе судьялардың қалауы бойынша қарау қажеттілігіне әкеліп соғады, нәтижесінде бұл судьялар құқығының пайда болуына себепші болады.

Бұл туралы К. Левеллин былай деп жазды: «заң шығарушы ережені тіпті бір нұсқада тұжырымдауды жасады делік, барысында ереженің реттейтін жағдайлары оған жақсы таныс болды делік және содан бері олар өзгерген жоқ деп есептесек те, бәрібір бір күні күмәнді жағдай туындайды, яғни позитивті құқықтың одан жоғары позитивті (надпозитивный) құндылықтарға сәйкестігі тұрғысынан судьяның өзіндік бағалауға жүгіну арқылы шешу керектігі туындайды» [2].

Француз заң ғылымы мен практикасының өкілдері сот билігінің қолданыстағы құқықты қалыптастыру мен дамытуға қатысу қажеттілігі туралы одан әрі түбегейлі пікір білдіріп, судьяның заң мен оның нормаларын нақты және дәл болған кезде қолдануы керек екенін баса айтты. Дегенмен де, егер судья құқықтық нұсқамалардың мазмұнына күмәнданып жатса, судья құқық қалыптастырушылықпен шектесетін кеңейтілген түсіндіруге жүгінуге құқылы. Бұл жерде жаңа құқықтық нормалардың құрылатындығы туралы айтылып отыр, бұлай айтудың себебі, Балло-Бопре Француз сот практикасының өкілі бола отырып, судьяларды қажет болған жағдайда қолданылатын заңнамалық мәтіндерді «әділеттілік, ақыл және қазіргі өмір талаптарына» бейімдеуге шақырды [3, с. 120].

Соттың құқық шығаруының қажеттілігі мен орындылығын негіздейтін ресейлік зерттеушілер соттың құқық шығару мүмкіндігі немесе болмауы керек екені туралы мәселені қозғаудың өзі орынсыз дейді. Бүгінгі таңда соттың құқық шығару фактісі барлық дерлік жерде танылды, сондықтан осыған байланысты пікірталастар оның басқа тақырыптары жайлы жүргізілуі керек екендігін айтады. Мәселен, соттың құқық шығарудағы шегі қандай, оның құқықтық табиғатының ерекшеліктері қандай, сот билігінің заңнаманы жетілдіруге және дамытуға қатысуы қандай формаларда жүзеге асырылады деген сияқты мәселелері [3, с. 118].

Қазақстандық конституциялық практика бұдан бұрын да сот билігінің құқық шығаруға қатысу мүмкіндігін заңнамалық деңгейде бекітуді ҚР Жоғарғы Сотының Республиканың қолданыстағы құқығын білдіретін нормативтік қаулыларды қабылдауы арқылы белгілеген болатын [4, с. 78].

Құқық туралы әдебиеттерде ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларына қолданыстағы құқық мәртебесінің берілуі, сондай-ақ нормативтік қаулыларды «Құқықтық актілер туралы» заңның 7-бабы 2-тармағына сәйкес[2], нормативтік құқықтық актілердің негізгі түрлеріне жатқызылуы кей кездері сынға ұшырайды. Солардың ішінен айтатын болсақ, мәселен Л. Чантурия ҚР Жоғарғы Сотына нормативтік қаулылар түрінде нормативтік құқықтық актілер шығару құқығын беру фактісінің күмәнді және бұрыс екенін атап өтті.

Біріншіден, оның пікірінше, Жоғарғы Сотта биліктің шамадан тыс шоғырлануы байқалады, ол бір уақытта құқық қолдану және құқық шығару органы бола алады.

[2] Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V Заңы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480 (жүгінген күні: 18.07.2025).

Екіншіден, нормативтік қаулылар көбінесе «соттар есеруі керек» деген сөздермен бірге жүру фактісі құқықтың екі жүйесінің пайда болуына әкелуі мүмкін, яғни соттар бір нормативтік қаулыларды қолданса, өзге органдар сол санаттағы істерге басқа нормативтік құқықтық актілерді қолдануы орын алуы мүмкін.

Үшіншіден, нормативтік құқықтық актілерді шығару үшін халықпен сайланған Парламентпен салыстырғанда, сот билігінде заңдастырудың қажетті дәрежесі жоқ.

Төртіншіден, Жоғарғы Соттың заң шығару және құқық шығару жұмысы бойынша тәжірибесі жоқ, нормативтік қаулыларды дайындауды және қабылдауды қамтамасыз ететін мамандары, тиісті институттары, бөлімдері жоқ.

Бесіншіден, Л.Чантурияның ойынша, сот органының кез-келген құқықтық актісі тек күресу (қарсыласу) процесінің нәтижесінде қабылдануы керек, бұл керек деп отырғанымыз нормативтік қаулыларды қабылдау формасына келмейді.

Алтыншыдан, сот шешімдері тек заң негізінде қабылдануы керек.

Жетіншіден, нормативтік қаулыларды қабылдау кезінде актіні тіркеуші орган – Әділет министрлігі тарапынан ҚР заңдарына сәйкестікке және конституциялық бақылау органы тарапынан ҚР Конституциясына сәйкестікке ықпал етудегі бақылау қамтамасыз етілмейді.

Сегізіншіден, ережелер олқылықтарды қамтуы мүмкін және көбінесе дер кезінде шығарылмайды [5, с. 169-170].

Бұл мәлімдемелермен толық келісу қиын, сондықтан Европалық адам құқықтары сотының судьясы, профессор Л.Чантурияның ұстанымдарын дұрыс деп санауға келмейтін өз аргументтерімізді келтірейік. Сонымен сот билігі нормативтік қаулылар шығарған кезде құқық қолдану және құқық шығару қызметімен айналыса отырып, өз қолында үлкен билікті шоғырландырады деген пікір биліктің басқа тармақтары да екі немесе одан да көп стратегиялық функцияларды орындай алатындығына байланысты дұрыс емес. Мысалы, ҚР Үкіметі, түрлі министрліктер мен ведомстволар заң нормаларын орындай отырып, құқық қолдану және құқық шығару қызметтерімен де айналысады. Осы жағдайда Үкіметте биліктің шамадан тыс шоғырлануы туралы ешкім ешқашан айтпайды.

Нормативтік қаулыларды шығару және оларды «соттар ескеруі керек» деген сөздермен сүйемелдеу құқықтың екі жүйесінің пайда болуына әкелуі мүмкін деген алаңдаушылық негізсіз. Құқық туралы әдебиеттерде айтылғандай, Жоғарғы Сот нормативтік қаулылар қабылдау арқылы тек соттар үшін емес, сонымен бірге сот процесіне қатысатын барлық субъектілер үшін ережелер жасайды. Олар жедел-іздестіру және бақылау-қадағалау құзыреттері бар органдар үшін міндетті болып табылатын болады. Бұған прокуратура, анықтау және алдын ала тергеу органдары, өртке қарсы қызметтер, шекара қызметтері, кедендік органдар, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер және т.б. кіреді [6].

Мәселен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Жеке айыптау істері бойынша сот практикасы туралы» 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №13 нормативтік қаулысының 6-тармағы анықтау органдарын, тергеушіні және прокурорды жеке айыптау істері бойынша шағымдар түскен кезде оларды Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай реестріне тіркеуге және солар бойынша үш күн ішінде шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізуге міндеттейді[3].

Жоғарғы Сот нормативтік қаулылар шығара алмайды, өйткені сот билігінде Парламенттікі сияқты қажетті заңдастырудың қажетті дәрежесі жоқ деген тезиске қатысты Л. Чантурияның үшінші аргументі де сынға төтеп бере алмайды. Әрине Парламент өз құзыретіндегі заңдастырудың үлкен дәрежесіне ие, әйтсе де бұл заңдастыру Парламентке заң шығаруға мүмкіндік береді.

Осы мәселе бойынша Жоғарғы Сотқа келетін болсақ, оның нормативтік

[3] «Жекеше айыптау істері бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25-желтоқсандағы N 13 Нормативтік қаулысы (11.12.2020 ж. уақытына қарай өзгерістермен және толықтыруларымен) // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000013S_ (жүгінген күні: 18.07.2025).

құқықтық актіні заң деңгейінде қабылдау туралы емес, нормативтік құқықтық актіні тек заңға тәуелді реттеу деңгейінде қабылдау туралы айту керек. Үкіметте де Парламенттікі сияқты заңдастыру дәрежесі жоқ. Дегенмен бұл ҚР Үкіметінің нормативтік мазмұндағы заңға тәуелді актілерді қабылдауына кедергі болып табылмайды. Демек ҚР Жоғарғы Соты да осындай өкілеттіктерге ие бола алады.

Л.Чантурияның Жоғарғы Соттың заң шығару және құқық шығару жұмысында тәжірибесі жоқ, нормативтік қаулыларды дайындауды және қабылдауды қамтамасыз ететін тиісті институттары, бөлімдері, мамандары жоқ деген төртінші дәлелі де сын көтермейді.

Біріншіден, сот билігі өкілдерінің заң шығару процесіне тиімді қатысуын біз диссертацияның келесі бөлімдерінде қарастыратын боламыз. Екіншіден, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Астанадағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және облыстардағы жергілікті және басқа да соттардың аумақтық бөлімшелерінің қызметін ұйымдық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Жоғарғы Сот жанынан Сот әкімшілігі жұмыс істейді. ҚР Президентінің 2023 жылғы 19-қаңтардағы Жарлығымен бекітілген Сот әкімшілігі туралы ережеге сәйкес, Сот әкімшілігінің негізгі функцияларының бірі – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының жобаларын әзірлеу. Сот әкімшілігі осы функцияны жүзеге асыруда заң жобалау, сараптамалық, зерттеу жұмыстарын орындау және консультациялар беру үшін белгіленген тәртіппен ғылыми ұйымдарды, мемлекеттік және өзге де органдардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлерін, мамандар мен сарапшыларды тарта алады. Бұдан басқа, ол Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының жобаларын дайындау жөніндегі функцияны жүзеге асыру үшін консультативтік-кеңесші органдарды, ведомствоаралық жұмыс топтарын, сараптамалық комиссияларды құра алады[4].

Үшіншіден, нормативтік құқықтық актілерді қабылдау рәсімі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 7-наурыздағы жалпы отырысының Регламентінде белгіленген, онда құқық шығару жұмысының барлық аспектілері қамтылған. Осылайша Регламенттің 2-тарауында сот практикасын зерделеу, нормативтік қаулыларды қабылдау бойынша жалпы отырысты дайындау және өткізу тәртібі айқындалады[5].

ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қабылдау мүмкіндігін жоққа шығаратын және сот органының кез келген құқықтық актісі тек қарсыласу процесінің нәтижесінде қабылдануы тиіс деген тезистің де жеткілікті теориялық және практикалық негізі жоқ. Мәселен, ҚР Азаматтық процестің кодексінің 138-бабына сәйкес, судья қарсыласу процесінің белгілері жоқ болса да, сот бұйрығын шығару туралы арызды қабылдаудан бас тартуға немесе қайтаруға қатысты Анықтау формасында сот актісін қабылдай алады, егер мысалы жауапкердің тұрғылықты жері немесе орналасқан жері Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, арыз мемлекеттік бажмен төленбеген және т.с.с. жағдайларда[6].

Басқа жағынан алсақ, салыстырмалы түрдегі қарсыласу, керісінше біздің ойымызша ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қабылдау кезінде байқалады, өйткені Сот әкімшілігі дайындаған нормативтік қаулылардың жобалары Жоғарғы Соттың судьяларына, Конституциялық Соттың Төрағасына, Бас Прокурорға, Әділет министріне, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, облыстық соттарға, Судьялар одағына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы ғылыми-консультативтік кеңес мүшелеріне және басқа да мүд-

---

[4] «Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы №106 Жарлығы. // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2300000106 (жүгінген күні: 18.07.2025).

[5] Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жалпы отырысының Регламенті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жалпы отырысының 7 наурыздағы 2007 жылғы қаулысымен БЕКІТІЛДІ. // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000001S (жүгінген күні: 18.07.2025).

[6] Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы №377-V ҚРЗ. //URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377 (жүгінген күні: 18.07.2025).

делі тұлғалар мен ведомстволарға танысу және жалпы отырысқа дейін 2 айдан кешіктірмей ескертулер мен ұсыныстар алу үшін жіберіледі. Жоба Жоғарғы Соттың веб-сайтының «Жоғарғы Соттың жалпы отырысы» айдарында орналастырылады. Қажет болған жағдайда нормативтік қаулының жобасы жариялық талқылау үшін мамандандырылған құқықтық басылымдарда жариялануы мүмкін және оны апробациялау жергілікті соттарға барып жүргізіледі[7].

Еуропалық адам құқықтары сотының судьясы Л.Чантурияның сот шешімдері тек заң негізінде қабылдануы керек, сондықтан Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын соттар қолдана алмайды деген сынында айтылған алтыншы тезисін негіздеуге келмейді деуге болады, өйткені бұл жағдайда заң сөзі ұлттық заңнаманың бүкіл жүйесін білдіреді. Судья шешім қабылдау барысында заңдардың ережелерін егжей-тегжейлендіретін және нақтылайтын заңға тәуелді актілерді айналып өте алмайды. Мысалы, судья әскери қызметшілерге жауынгерлік кезекшілік жүргізу ережелерін бұзғаны үшін үкім шығара алмайды[8], егер осы Заңға тәуелді құқықтық актіні талдамаса[9] және бұл ережелердің қай бөлігінде бұзылғанын анықтамаса және оны сот шешімінде көрсетпесе.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары ешқандай бақылауға алынбайды деген аргументпен де келісу қиынға соқтырады. ҚР Конституциясына және ҚР Конституциялық Соты туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес, Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша олардың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігіне қарайды. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары ҚР құқықтық актілер туралы заңына сәйкес негізгі нормативтік құқықтық актілерге жатқызылғандықтан, олар Конституциялық Сотпен ҚР Конституциясына сәйкестігі тұрғысынан қаралуы мүмкін. Бұл Қазақстан Республикасы Президентінің, Бас прокурордың, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Конституциялық Сотқа Қазақстан Республикасының барлық нормативтік құқықтық актілерінің (Бас прокурордың өтініші) Республика Конституциясына немесе Конституцияда бекітілген адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерге (Адам құқықтары жөніндегі уәкіл) сәйкестігі тұрғысынан берген өтініштеріне де қатысты.

Профессор Л.Чантурияның Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларында олқылықтар болуы мүмкін және нәтижесінде оларды қабылдауға болмайды деген соңғы дәлелінің теориялық мәні жоқ. Нормативтік құқықтық актілерде, заңдарды қоса алғанда, олқылықтардың болуы құқықтық реттеу жүйесінде жиі кездесетін құбылыс. Оның объективті де, субъективті де себептері бар. Алайда бұл олқылықтар болуы мүмкін деген қорқынышқа сілтеме жасай отырып, заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерді, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қоса алғанда, шығарудан бас тартудың керегі жоқ.

Алайда шетелдік ғалымдар мен практиктер ғана емес, кейбір қазақстандық зерттеушілер де ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларды шығаруына қарсы. Осы мәселе бойынша А.Е. Абдрасулова Жоғарғы соттың негізгі қызметі сот төрелігі болуы керек, ал нормативтік құқықтық актілерді шығару оның қызмет салаларынан шығарылуы керек деп санайды. Бұл ретте автор бұрынғы КСР Одағы мемлекетін мысалға келтіреді, олардың құрамындағы барлығы дерлік жоғары сот органдарымен императивті сипаттағы әртүрлі нормативтік мазмұндағы актілердің қабылдануынан бас тартты, Түркменстанды қоспағанда,

[7] Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жалпы отырысының Регламенті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жалпы отырысының 7 наурыздағы 2007 жылғы қаулысымен БЕКІТІЛДІ. //URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000001S (жүгінген күні: 18.07.2025).

[8] Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ. //URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226.

[9] «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі N 364 Жарлығы. //URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U070000364_ (жүгінген күні: 18.07.2025).

оның Жоғарғы Соты бүгінгі күнге дейін міндетті бұйрық түрінде соттар үшін басты түсініктемелер қабылдайды [7, с. 18].

Жалпы мұндай ескертудің маңыздылығын атай отырып, Германия Жоғарғы Сотының сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етудегі тәжірибесін талдай отырып, ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларына да тоқталған басқа шетелдік зерттеушілердің пікірін де көрсетпеске болмас. Олар нормативтік құқықтық актіні қабылдау негізінде құқықтың жаңа нормаларын құру сот билігі қызметінің басты формасы болып табылмайтынына қарамастан, сот билігі жұмысының қосымша бағыты ретіндегі мұндай құзыреттің ҚР сот төрелігін іске асыру процесінің тиімділігін қамтамасыз ететінін атап өтті. Бұны Парламенттің заңнамалық функциялары сот төрелігін жүзеге асырудың сапасын толық қамтамасыз ете алмайтындығымен байланыстырады, өйткені сот практикасы Парламенттің заңнамалық актілерін толықтыратын, анықтайтын, нақтылайтын және егжей-тегжейлендіретін Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қажет етеді. Нормативтік қаулылар әмбеде заңдардың мәнін өзгертпейді, яғни заңдарға жаңа құқықтық нұсқамалар енгізбейді [8].

Жоғарыда аталған пікір негізінен дұрыс, алайда Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысына жаңа бір нәрсе енгізбесе, оның шығарылуы құры бос әрекет: нормативтік қаулының мазмұны қарапайым түсіндіруге айналады.

Осыған мәселеге байланысты Ж.Н.Баишевтің ұстанымы дұрысырақ көрінеді, ол Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларында жаңа құқық нормаларын құру мүмкіндігі туралы мәселені көтере отырып, оның күрделілігін және біржақты жауаптың жоқтығын айтады. Және де нормативтік қаулылар заң жүзінде нормативтік құқықтық актілер болып табылады деген ереженің дау тудырмайтындығы автоматты түрде оларда құқықтың жаңа нормалары бар деген логикалық қорытындыға әкеледі. Нормативтік құқықтық актіде, тіпті нақтылау немесе анықтау сипатында болса да, жаңа ережелердің болмауы мүмкін емес. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары әртүрлі тұрғыдан көбінесе стандартты, классикалық нормативтік құқықтық актілерге ұқсамауы мүмкін, бірақ нормативтік қаулылардың құрылу ерекшелігі олардың құқықтың жаңа нормаларын жасайтындығын және ұлттық заңнама жүйесін жетілдіретіндігін жоққа шығармайды [9].

ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларындағы құқық нормаларының құрылу формалары Е.Б. Абдрасуловпен жақсы зерттелді, ол құқық нормаларының құрылу ерекшелігін атап өтіп, сонымен бірге талданатын құқықтық құжаттарда құқық нормаларының құрылымын классикалық формада құру мүмкіндігін де көрсетті. Оларда гипотезаны, диспозицияны және құқықтық қатынастардың санкциясын анықтауға болады.

Мысалы, Жоғарғы Соттың 2007 жылғы 25 желтоқсандағы Нормативтік қаулысында[10] құқықтық нормалардың дәстүрлі формада құрылғандығын көруге болатын көптеген тармақ бар. 25 тармақтағы шығарылу санының (таралымының) ұлғаюы типографияның өзіне байланысты жағдай – гипотеза болса, белгіленген ереже диспозия болады, бұл жағдайда баспа ұйымы контрафактілік сипаттағы өнімді дайындау субъектісі ретінде танылады. Норманың санкциясы ретінде жауапкершілік болады, ол нормативтік қаулының ережелерінде басқа нормативтік құқықтық актіге сілтеме жасай отырып көзделген. Берілген мысалда құқықтық ережелердің классикалық құрылымдық бөліктерін анықтау үшін белгілі бір логикалық әрекеттерді жасау қажеттілігі жоқ. Оларды бірден байқауға болады [10].

Құқық нормасының құрылымдық бөліктерін классикалық формада құрылуын Жоғарғы Соттың 2022 жылғы 21 сәуірдегі «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысынан да көруге болады. Нормативтік қаулының 2-тармағының 5 абзацы талапкердің конкурс қорытындыларын заңсыз деп

[10] «Соттардың авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» 2007 жылғы 25 желтоқсандағы №11 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы //URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000011S_ (жүгінген күні: 18.07.2025).

тану және жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартты жарамсыз деп тану талабының сәтімен айқындалатын норманың қолданылу талабынан басталады. Норманың диспозициясы мұндай талаптарды ӘРПК-ң 156-бабындағы ережелердің талаптарын ескере отырып, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотта қарауды көздейді[11].

Көп жағдайда нормативтік қаулыларда сол немесе өзге заң нормаларының құрылымдық бөліктері нақтыланады, осының негізінде ұлттық заңнама нормаларын дамыту мен жетілдіру қамтамасыз етіледі. Оны мысал арқылы көрсететін болсақ, ҚР Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 26-мамырдағы «Соттардың атқарушылық жазбаға дау айту бойынша істерді қарау кезінде заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағында АПК-ң 364 бабы 1-тармағының нотариаттық әрекет жасаудан бас тарту туралы ережелері нақтыланады. Нормативтік қаулының 3-тармағында атқарушылық жазба жасаудан құқыққа сыйымсыз түрде бас тарту ұғымы ашылады, бұл негіз бойынша бас тарту деп түсініледі және нотариат саласындағы қатынастарды реттейтін заңнамада көзделмеген[12].

